



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

05.09.2023 № 4 ге

## Тұрақты комиссияның 2023 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысы

### Елордадағы үлестік құрылыс саласындағы ағымдағы жағдай

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) елордадағы үлестік құрылыс саласындағы ағымдағы жағдай туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

2019 жылы елордада үлестік құрылыс шеңберінде 150-ге жуық проблемалық үй болды (52 объект, 16 060 үлескер). «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында (қазіргі уақытта Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы) 118 үйдің құрылысы аяқталды, 12 мыңға жуық үлескерлер отбасының проблемалары шешілді. Ағымдағы жылдың басында құрылыс кезеңінде 32 үй болды.

2023 жылы уәкілетті ұйым үлестік құрылыстың бұрын аяқталған проблемалық объектілеріндегі ақауларды (ескертулерді) жою бойынша қосымша жұмыс ұйымдастырды және жүргізді. Кепілдік міндеттемелер шеңберінде мердігер ұйымдар жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын орындады.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нәтижесінде ЖАО 2018 жылдан бастап ағымдағы уақытқа дейін бұзушылықпен 171 құрылыс ұйымын анықтады және олар жалпы сомасы 108 миллион 633 мың теңгеге 320-баптың 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Айыппұл сомасының азғантай болуы құрылыс салушылар тарапынан орын алатын бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік бермейтіндігіне байланысты мемлекеттік органдар заңнамаға құрылыс салушыларға қатысты

ынталандыру және қатаңдату шараларын көздейтін өзгерістер жобасын дайындады, олар:

- салынып жатқан тұрғын үйді сатып алуға байланысты барлық шарттарды тіркеу және салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үйлерде тұрғын/тұрғын емес үй-жайларды сатып алуға байланысты алдын ала шарттар жасасуға тыйым салу;

- үлескер азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарын бекіту;

- үлескерлердің ақшасын заңсыз тартқаны үшін құрылысты одан әрі тоқтата тұрумен, айыппұл санкцияларын (300-ден 2000 АЕК-ке дейін) ұлғайту.

Сонымен қатар, тиісті өкілеттіктері жоқ ұйымдардың жылжымайтын мүлік салу үшін тұрғындардың ақшалай қаражатын тартуы жалғасуда. Аталған тұрғын үйлер құрылысының аяқталмай қалу қаупі бар, осыған байланысты мұндай жағдайға жол бермеу бойынша белсенді шаралар қабылдау қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Елордадағы үлестік құрылыс саласындағы ағымдағы жағдай туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ-не (бұдан әрі – Басқарма):

- «Болашақ баспана» ТҚК үлескерлерінің проблемалық мәселелерін шешу бойынша ағымдағы жағдай туралы ақпарат беру;

- құрылысы аяқталғаннан кейін № 15 аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутатының қатысуымен Тілендиев көшесі, 38 мекенжайында орналасқан тұрғын үйге баруды жоспарлау;

- абаттандыру жұмыстары аяқталғаннан кейін салынып жатқан «Жасыл Астана НС» ТҚК-на баруды жоспарлау;

- «Триумф Есіл» ТК-де орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды беру;


- үлестік құрылыс саласындағы проблемалық мәселелерді және аяқталмаған құрылыс проблемаларын, сондай-ақ Басқарма қызметіне қатысты өзге де проблемалық мәселелерді шешу бойынша ұсынылатын шаралар туралы, қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістерді көрсете отырып, оның ішінде мәслихат депутаттарының отырыс барысында айтылған ұсыныстарын ескере отырып, егжей-тегжейлі ақпаратпен анықтама дайындау;

- құрылысының аяқталмау қаупі бар салынып жатқан 17 тұрғын үй кешені және қажетті құжаттар пакетінсіз салынып жатқан 90 тұрғын үй кешені бойынша ақпарат беру ұсынылсын.

3. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының құрылыс,  
экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**В. Сергеев**